

«Аккредиттеу және
рейтингтің тәуелсіз
агенттігі» КЕМ
директорының 02.11.2012
№15-12-ОД бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУДЕН ӨТУ ҮШІН
АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
ҰСЫНҒАН ШЕКТІ ТАЛАПТАР**

Аккредиттеу рәсіміне өтініш бергенде және оны одан әрі өтуде Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі оқыту бағдарламаларына қойылған келесі шекті талаптарды ұсынады:

- 1) Жоғарғы оқу орнына толық, сонымен қатар аккредиттеуге берілген оқыту бағдарламаларына, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін мемлекеттік лицензияның және оның қосымшасының болуы;
- 2) Жоғарғы оқу орнының білім беру нарығындағы 5 жылдан кем емес білім беру қызметі реализациясының болуы;
- 3) Аккредиттеуге ұсынылған оқыту бағдарламалары бойынша оқушылардың болуы;
- 4) Түлектің болуы және/немесе оқушыларды оқу тапсырысы аясына аккредиттеуге ұсынылған оқу бағдарламалары бойынша дайындау;
- 5) Жоғарғы оқу орнының ішкі сапаны басқару жүйесінің болуы;
- 6) Жоғарғы оқу орнының және аккредиттеуге ұсынылған оқу бағдарламаларының дамуын регламенттейтін стратегиялық құжаттардың болуы
- 7) Жоғарғы оқу орнының сайтының және аккредиттеуге ұсынылған оқу бағдарламалары туралы ақпараттың болуы;
- 8) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы әрекеттегі актілердің болмауы.